

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Байкенжина К.А.
Қарағанды қ., ҚР
Байкенжин Д.С.
Сатпаев қ. ҚР

Андатпа: Мұнда экономикалық контрабанда қылмыстарының жасалу себептеріне шолу жасай отырып, оның алдын алуға қатысты бірнеше ұсыныстар жасалады..

Кілт сөздер: экономикалық контрабанда, транзиттік тауар, кедендік салық., баж салығы.

Экономикалық контрабандамен байланысты қылмыстардың қауіптілігі соңғы жылдары өсе түсуде, себебі ол ұйымдастырушылық және масштабтық сипатқа ие болып, қоғам мүдделеріне едәуір зиян келтіруде. Әсіресе, мемлекеттің экономикалық мүддесіне зиян келтіретін қауіпті қылмыстардың бірі де осы-экономикалық контрабанда. Өйткені одан келетін зардап түрлері төмендегідей: бюджетке баж салығы, салықтар мен жиналымдар түспейді; контрабанда жымқырумен байланысты болғандықтан, өте үлкен көлемді тауарларды, шикізатты ұрлау, салық төлеуден жалтару, қызмет бабындағы қылмыстарды жасау арқылы жүзеге асырылады.

Ал, осындай зардаптарға әкеп соғатын себептерді тауып, сол себептерді жою немесе азайту бүгінгі күн талабындағы өзекті мәселелердің бірі. Әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізген кезде қоғам қылмыстылықты кез келген қоғам мен бүкіл адамзаттың мәңгі серігі ретінде қабылдап, білу керек. Біз білетіндей экономикалық контрабандамен күресуді құқық қорғау органдарының репрессивті әдістермен ғана емес, сонымен қатар қоғамға жеткілікті әлеуметтік-экономикалық әдістерді қолдану керек, себебі құқық қорғау органдары қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелерін шешуге құқылы емес және тікелей шешпейді.

Экономикалық контрабандамен айналысатын қылмыстық қоғамдастықтардың сипаттаушы ерекшеліктері оларда контрабандалық каналдың болуы. Ал, контрабандалық канал ұғымы күрделі мағына, ол-мемлекеттік және кеден шекарасынан кеден бажын төлемей жүктерді өткізуге мүмкіндік тудырушы байланыстар мен шаралар жүйесі. Бір сөзбен айтқанда, осындай канал бар жерде, ұйымдасқан қылмыстылық бар.

Экономикалық контрабандамен байланысты қылмыстарды тыюды жетілдіру үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлері контрабандистер пайдаланатын әдістерді білуі керек. Сондықтан да барлық құқық қорғау органдарының өзара тығыз байланыстағы әрекетімен ынтымақтастығы экономикалық контрабандамен күресуде сапалы нәтижеге жетудің бір белгісі [1,11б.].

Қазіргі нарық жағдайында, елімізде жеке салық түрлері мен баждардың есебінің жоғарылығы, ұсақ және орташа бизнесті көлеңкелі экономикаға итермелеп, ал кеден ставкаларының жоғары болуы шынайы импортерлерді контрабандистер болуға әкеліп соқтыруда.

Экономикалық контрабанда қылмысының өсуінің тағы бір себебі-азаматтардың әлеуметтік жағдайы деңгейінің төменділігі. Себебі күнделікті табыс көзі жоқ немесе табысы мардымсыз адамдардың патриоттық сезімдерінен бас тартуына осындай жағдайлардың да себеп болуы мүмкін.

Келесі бір фактор, ол халықтың құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігі болмыс сананы анықтайды, сондықтан өз қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысудан қолы бос емес адамнан жоғары мінез-құлық пен құқықтық мәдениетті күту қиын [2,168-169бб.].

Сонымен бірге кеден органдарының бақылауға өкілетілігі бар қызметкерлерінің кеден органдарының қызметін реттейтін нормативті және өзге де құжаттарды толықтай мазмұнда білмеуі, яғни біліктілік деңгейлерінің төмендігі. Контрабанданы табу үшін кеден қызметкерлері контрабандалық тауарды анықтаудың тактикалық әдістерін біліп қана қоймай, оларға қатысты толтырылатын барлық құжаттарды толтыру тәртібін де білулері керек.

Қазіргі кезде контрабандистер көптеген контрабанда тауарларын транзит ретінде рәсімдейді, бұл контрабанданы табуға қиындық келтіреді, себебі транзиттік жүк ашылмайды, міне осы тұста кеден қызметкерлерінің біліктілігі қажет етілетіндігі сөзсіз.

Бірақ кейбір жағдайларда контрабандистер дұрыс рәсімделген құжаттарды пайдалануы да мүмкін, мұнда олар контрабанда тауарын құпия орындап немесе «таза жүк» арасына тығады. Бұл жағдайда контрабанда салмағы аз болады да, таразы арқылы оны анықтау мүмкін емес. Мұнда түсті металдарды анықтайтын құралдарды пайдаланған жөн, ол алтын, платина, күмістен жасалған бұйымдарды табуды жеңілдетеді [3,102-104бб.].

Экономикалық контрабандамен күресуді жетілдірудің бір жолы, ол оперативті және процессуалды қызметке қатты көңіл бөліп, контрабанданы табу, қылмыстық іс қозғау, әсіресе сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізу кезінде қылмыстың жасалу жағдайлары мен себептерін анықтауды жолға қою.

Осы кезеңдерде қылмыстық құрылымдар істің объективті ақиқатын анықтайтын тергеу органдарының қызметіне мейілінше қарсылық көрсетеді, дәлелдеу әрекеттерін жүзеге асыратын субъектілерге өз ықпалын, қысымын көрсетіп, криминалды құрылымдарға байланысты оперативті және іс жүргізушілік қызметті жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға кедергі келтіреді және қылмыстық істерін тергеудің нәтижелі болуының алдын алу үшін әртүрлі бөгеттер жасайды.

Экономикалық контрабанда ұйымдысқан криминалдық құрылымдармен жасалса, ол өте кәсіпқой, алдын ала жоспарланып жасалады да, мұндай жағдайда қылмысты ашу, қылмыскерді табу және сәйкес деңгейде тергеу амалдарын жүргізу оңай емес. Сондықтанда осындай жағдайларды есепке ала отырып, тергеу органдарын үшін жоғары мамандандырылған тергеушілермен қамтамасыз ету керек.

Экономикалық контрабандамен күрес жұмыстарын ұйымдастыруда, оларға түрлі деңгейдегі салыстырмалы талдаулар жасауды кең түрде қолданылып, қорытындысы бойынша іс-шаралар ұйымдастырған орынды. [4,23б.].

Соңғы кездегі статистикалық көрсеткіштерге сәйкес көптеген экономикалық контрабанда қылмыстары бойынша жүргізілген жұмыстар логикалық нәтижесіне жеткізілмей ашылмай қалып отыр, оның себебі бір жағынан қылмысты ұйымдастырушылардың кәсіпқойлығы, олардың жоғарғы техникалық құрал жабдықтармен жабдықталуы, құқық қорғау органдарының оперативті қызметі туралы нақты мәліметтерінің болуы, ал екінші жағынан- экономикалық контрабанда қылмыстарын жасаушыларға қарсы тұруға құқық қорғау органдары қызметкерлерінің дайындық деңгейінің төмен болуы.

Экономикалық контрабанда қылмыстарын жасауды ұйымдастыру мен жасау кезінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың басшылары отандық заңнаманың

жетіспеушіліктерін, бақылаудың кез келген әлсіз тұстарын пайдаланады да, лауазымды тұлғаларды сатып алу арқылы құқық қорғау органдарының қызметіне кері әсерін тигізеді.

Осындай жағдайда жүргізіп жатқан мемлекеттік реформалардағы қылмыспен күрес жүргізетін лауазымды тұлғалардың кәсіпқойлығы мен құқықтық мәдениетінің сапалық жағдайына қойылатын талаптар тізімін әлі де болса жетілдіру қажет екендігі байқалатын сияқты.

Қазіргі кезде құқық қорғау органдарының ҰҚК, Кеден органдарының бірде-біреуінде экономикалық қылмыстармен, әсіресе экономикалық контрабандамен күресуді жүзеге асыратын кәсіпқой қызметкерлерді дайындайтын, арнайы орта немесе жоғарғы оқу орны жоқ. Осының нәтижесінде экономикалық контрабанда қылмыстарын уақытында ашпауынан және сапасыз тергеуден мемлекеттік бюджетіне заңмен белгіленген мөлшердегі кеден мен салық төлемдері түспейді.

Экономикалық контрабанда қылмыстарымен күрес жүргізуде қоғам мүшелерінің көмегіне сүйенбейінше белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес сияқты, өйткені олар көптеген жағдайларда болып жатқан қылмыстық оқиғалардың тікелей куәлары болуы да мүмкін, сондықтан олармен қылмыстылық тақырыбына ұдайы арнайы бағдармалар ұйымдастырып, заңдарды түсіндіріп, халықпен тіл табысып, сенімдеріне кіріп, оларға кез келген уақытта құқықтық көмек көрсетілетіндігін дәлелдеп отыру керек.

Сондай-ақ, сот тәжірибесіне сәйкес «күшті куәлік базасыз қылмыстық істерді уақытылы ашу мен сәтті тергеу жұмыстары жүзеге асырылмайтындығы дәлелденіп отыр. Құқық қорғау органдары мен халық арасындағы бір-бірінің сеніміне негізделген қатынастарды бекіту үшін сәйкесінше заңи база, әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайы қажет, ал ең бастысы-құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің ұзақ және сапалы жұмысы қажет. Осы шарттарсыз экономикалық контрабанда қылмысымен күрес нәтижесіз болады [5,1196].

Экономикалық контрабандамен күресте негізгі мәселе болып табылатын, олар кадрлық таңдау. Ішкі экономикалық қызметтегі құқық бұзушылықтармен күресуді жетілдіру үшін жаңа формация кәсіпқойлар қажет екені айқын, яғни экономикалық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын маман экономика және құқық аясындағы жан-жақты болып, осы салалардағы білімді шет ел тілінде меңгеріп, шетелдік тәжірибеден өту қажет. Осыған байланысты заңи дайындық бағдарламасы өте жоғары деңгейде болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.С.Сарсеков. Экономическая контрабанда в Казахстане: проблемы и пути их преодолевания. Караганда. 2007.
2. А.Н. Ералин., К.А. Бакишев «Контрабандамен күрес» Қарағанды. 2011.
3. М.С. Строгович. Квалификация экономических преступлений. М. 2011.
4. Н.Д. Даркенов. Экономикалық контрабанда қылмысы үшін жауаптылық негіздері. М.2007.
5. М.С.Строгович. Квалификация экономических преступлений. М.2001., С.119